

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

№ 20 2021 ж. 31.05.
Көкшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 20.011 31.05.2021 ж.
город Кокшетау

«Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 08 сәуірдегі № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

COVID-19 коронавирус инфекциясының (бұдан әрі- COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 08 сәуірдегі № 14 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4- тармақтың 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

28) көпшілік жиналатын салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбей, үстел арасындағы қашықтық 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтықты сақтаған жағдайда қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат берілсін. ҚР БМСД-нің № 67 қаулысының талаптарын сақтай отырып, объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, персонал бетпердесіз жұмысқа жіберілмейді:

- дәмхана, мейрамхана типі бойынша, дүкендердегі және (жайлардағы) барлар және т.б. толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ отыратын орын 30-дан артық емес жұмыс режимі сағат 09-ден 20-ге дейін. Сағат 20-ден 09-ге дейін өнім тек сыртқа шығарылып, сатылады;

- жазғы аландар- толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, жұмыс режимі сағат 09-ден 20-ге дейін;

- асхана типі бойынша - жұмыс режимі сағат 09-ден 24-ге дейін.

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қалалары мен аудандарының тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

4. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен күшіне енеді.

Ақмола облысы
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



А.Мусина